

Салқынбай А.Б.
**Шеберлік шыңына жеткізген
шығармашылық мәдениет**

Мақала қазақтың классикалық үлгідегі сыншысы, академик М. Қаратаевтың шығармашылығын зерделеуге арналған. Суреткерлік шеберлікті танып, ондағы қуатты құнарды эстетикалық пайым-парасатпен бағалау әдебиет әлемінде сыншының қарымды қаламына тән. Мақалада қазақ әдебиетіндегі эстетикалық биіктікті танытып, әлемдік классикалық деңгейде қазақ сынын қалыптастырған академик М. Қаратаев еңбектерінің маңызы мен ерекшелігі талданады.

Түйін сөздер: суреткерлік шеберлік, әлемдік рухани құндылық, сын, сыншы, эстетикалық талғам.

Salkynbay A.B.
**From creative culture
to heights of skill**

This article is about studying the creativity of academician, critic of classical direction of M.Karataev. Critic's productive in the literary world was inherent artistic skills assessment through the prism of aesthetic judgment. This article discusses the value and features of the works of M.Karataev, who had raised Kazakh literary criticism on a global level and had revealed the aesthetic value of Kazakh literature.

Key words: artistic skill, the world's spiritual values, criticism, critic, aesthetic culture.

Салқынбай А.Б.
**От творческой культуры
к высотам мастерства**

Статья посвящена изучению творчества академика, критика классического направления М. Каратаева. Плодотворному перу критика в литературном мире была присуща оценка художественного мастерства через призму эстетического осмысления. В статье рассматриваются значение и особенности трудов М. Каратаева, поднявшего казахскую литературную критику на мировой уровень и раскрывшего эстетическую ценность казахской литературы.

Ключевые слова: художественное мастерство, мировые духовные ценности, критика, критик, эстетическая культура.

**ШЕБЕРЛІК ШЫҢЫНА
ЖЕТКІЗГЕН
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
МӘДЕНИЕТ**

Әлемдік рухани мәдениетте Қазақ халқының сомдаған үлкен рухани ізі бар десек, соның бірегейі де ерекшесі де әдебиеті екені даусыз. Бастауын қазақ ауыз әдебиетінен алып, әлемдік рухани құндылыққа «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу» мен «Қыз Жібек» жырынан бастап, Мұқағали Мақатаевқа дейінгі аралықтағы үлкен алыптар легін ұсынған қазақ әдебиетінің шыққан көркемдік шыңы жоғары, алған асуы биік. Көркемдік құндылықты туғызу бар да, оны бағалау бар, бағалату бар. Суреткерлік шеберлікті танып, ондағы қуатты құнарды эстетикалық пайым-парасатпен бағалау әдебиет атты кең дарияда сыншының қарымды қаламына тән. Сыншы көркем шығармадағы «жылжымалы эстетика» (В.Г. Белинский) теориясы тұрғысынан кең пішіп, жазушының дүниетанымдық тағылымы берер қуатын танытып, сөзбен кестеленген шындық болмыстың кербез келбетін саралай отырып, эстетикалық талғам мен байламды оқушы қауымға айқара ашады, талдайды, түсіндіреді. «Сыншы» сөзі «сын», «сынау» сөзімен түбірлес болғанымен, сыншы мақсаты сынықты іздеу емес, сынақтан өткізіп, жақсылықты таныту, шын шебер суреткер мен жазғыштардың аражігін ашып, салмақты ойды сабырмен аршып, анықтап, парасат биігінде ұлттық құндылық боларлық дүниелерді таразылау. Көркем туындының қайсысы уақыт мәресінде ұтылмай, халықтың рухани игілігіне айнала алатынына көріпкелдік жасап, уақытында дұрыс бағалап, таланттыға жол ашу, сыншы үшін биік талап та, мұрат та. Осындай биік талапқа сыншылық талантымен жауап берген, сын тағуды емес, шын сын айтуды мақсат етіп, «шеберлік шыңына» туған әдебиет туралы толғамды ой айтып жеткен, көркем шығармадағы «сұлулықты қастерлеп», замана шындығын әдебиет өзегінен танып, «эпостан эпопеяға» дейінгі аралықтағы қазақ әдебиетін зерделі зерделеп, саралап, асығы мен жасығын таразыға салып, классикалық сын саласын қалыптастырған ғалым, академик Мұхамметжан Қаратаев еді. Ия. Бұған ешкімнің таласы жоқ. Өйткені Қазақ әдебиетінің тарихында классикалық сынды туғызып, дамытып, оны жүйелеп, негіздеп, бағалап, өзгелерге бағалатып, туған әдебиетіміздің тамыршысына айналған М. Қаратаев болғанына бүгінде ғалымның қарымды қаламынан туған ғылыми зертеулері мен сыни еңбектері куә.

«Көркемдік дегеніміз – өмір» деген концепцияны басты тұжырым ретінде ұстана отырып, көркем шығармадан шыннайылықты іздеп, тауып, оның адам ақыл-ойына, бүкіл рухани

дүниесіне тигізетін этикалық-эстетикалық ықпалының қуатты күшін анықтап, сол арқылы халықтың эстетикалық мәдениетінің қалыптасатынын жүрегімен таразылай, жалпы ұлттық дүниетанымының іргелі ұғымдарының шайқалмай шарықтауына, жетілуіне, дамуына бар күш-жігерін, білім-білігін сарп етті. Ғалым қаламынан туған «Туған әдебиет туралы ойлар» (1958), І. Жансүгіров (1959), «Любить и утверждать прекрасное» (1960), «Өнерпаз болсаң арқалан» (1960), «Шеберлік шыңына» (1963), «С. Сейфуллин» (1964), «Әдемілікке үйрететін ұстаз» (1965), «Осы заман шындығы – қазіргі әдебиет өзегі» (1965), «Социалистік реализмнің қазақ прозасындағы қалыптасуы» (1965), «Эпостан эпопеяға» (1969), «От домбрыдо книги» (1969), «На пути солнца и ветра» (1969), «Әдебиет және эстетика» (1970), «Путешествие в Жер-Уюк» (1971), «Эстетика казахского фольклора» (1976), «Вершины впереди» (1977), «Новые горизонты» (1979), «Көргенім мен көңілдегім» (1982), «Ізденіс іздері» (1984), «Бетбұрыс белестері» (2005), «Ғасырлар үндеуі» (2006) т.б. сияқты монографиялық зерттеулерінің атының өзі көп сырды аңғартары анық.

«Көркем шығарма болмыстың көшірмесі де емес, болмыстың өңін айналдыратын қисық айна да емес. Ол болмыстың нағыз маңызды сыр-сипатын сұрыптап, таңдап алып, көркем образ арқылы сомдап бейнелейтін, қандай құбылыс болса да, тірі нәрседей жандандырып құлпыртып, айқын да анық көрсететін, болмыс шындығының кескінін айнытпай нақты түрде көз алдына келтіретін керемет картина, яғни, иін тірескен образдар дүниесі» деп түсінген ғалым қазақ әдебиетіндегі образдар дүниесін сарыла іздеп, сараптап, оны әлемдік кеңістікке танытуға барын салды [1. 19]. Осы ретте Абай, Сұлтанмахмұт өлеңдерін А. Пушкин, Гете, Гейне, Н. Некрасов, И. Крылов, М.Ю. Лермонтов-тармен, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин қаламынан туған бейнелерді Бальзак, Г. Флобер, М. Стендаль, Ги де Мопассан, Н. Гоголь, Л. Толстой, М. Шолохов шығармаларымен бірге салыстыра зерделеу арқылы эстетикалық талғам биіктігі мен суреткерлік шеберліктерінің деңгейін танытты. Қазақ сөз шеберлері жасаған көркем образдар палитрасының кеңестік кезең кеңістігіне танылуына, таралуына ықпал етті.

Мәдени мұра мен «дәстүрдің бәрі жиылып келіп, қазақ совет әдебиетіне тиісті эстетикалық қор жасады, ... топырағын тыңайтып, дақылына қорек берді» деп түсініп, кеңестік кезеңнің сұрғылт та сұрқай саясатынан халық ауыз әдебиеті мен кеңеске дейінгі поэзияны халықтық дүниетаным көрінісі ретінде алып шыққан ғалым М. Горькийдің халықтық фольклор «алтын сан-

дық» деген бағасына сүйене отырып, халықтық шығармашылықтың өлмес өмірлілігін, байлығын, халықтық эстетикалық сана-сезімнің қайнар бұлақ көзі екенін дәлелдеді. Заман талабы ұсынған лениндік қағидаға сәйкестендіріп түсіндіруге талаптанды, сөйтіп, халықтық образдар жүйесін қымбат қазына, ұлттық құндылық ретінде теориялық тұрғыдан дәлелдеп, кеңестік заманда да өнер айдынында қайта шалқытты.

Академик М. Қаратаев кемел де кәсіби әдебиеттің бірден-бір көрнекті белгісін көркем прозаның дамуымен байланысты деп бағалап, «өмірдің қилы-қилы құбылыстары мен қайшылықтарын кең қамтып, терең суреттеуге келгенде, адам характерін айқын ашып, ішкі дүниесін толық танытудағы прозаның мол мүмкіндігін» көрсете отырып, С. Сейфуллин, Б. Майлин, Ш. Жансүгіровтан бастап, М. Әуезов, А. Тоқмағамбетов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, Ө. Тұрманжанов, Е. Бекенов, С. Мұқанов, С. Бакбергенов, Т. Ахтанов, Ә. Әбішев, З. Қабдолов, К. Оразалин, Ө. Қанахин, О. Бөкей, Ш. Мұртаза т.б. көптеген қаламгерлер шығармашылығына терең ғылыми талдаулар жасап, халық өмірінің шындығы мен ұлттық мінез көрінісін таныды да танытты. Шығармаларды талдауда ғалым үнемі классикалық шетел және орыс әдебиетінің таңдаулы үлгілерімен салыстыру әдісін қолданып, қазақ әдебиетінің шоқтығын көтерумен, асқақтатумен болды. Әсіресе, М. Әуезовтың «Абай жолы» романын талдауда сыншы-ғалымның қалам сілтесі ерекше нұрланып, кеңестік шідерді лақтырып тастап, көркемдік кестесін әдіптей жөнеледі. Төрт томнан тұратын шығарманың «эпопеялық» табиғатын танып, бағалап, бағалатқан да М. Қаратаев болатын. «Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романын қазақтың тұңғыш эпопеясы десек, ол үшін негіз толық. Әңгіме оның төрт томдық көлемінде ғана емес, әрине, Әңгіме сол көлемнің өзіне сай мазмұн мен мағынаға ие болуында, көтерілген тақырыбы мен идеясының, көрсеткен өмір материалының, көркемдік шешім тапқан мәселелерінің, күрес тартыстарының, ашылған адам характерлерінің бәр-бәрінің аумағы, дәрежесі, сапасы романның зор көлемін көркемөнер заңымен ақтап тұруында» деп жазған еді ғұлама сыншы [2. 287].

М. Әуезовтей жазушының көркем өнер деңгейіндегі құнды дүниелерін, ондағы үлкен суреткерлікті танып, бағалай отырып, ғалым өзі де шығармашылық биік тұғырға көтеріледі. Мұхтар Әуезов туралы М. Қаратаев ағынан ақтарыла былай деп жазады: «М. Әуезов романдары қазақ өмірінің жарты ғасырлық тарихын тұтас алып, тарихи шындықты толық, терең, тамаша суреттеп берді. Бұл жөнінде оның ешбір теңдесі жоқ. Өткені жа-

зушы тарихтың материалдарын тарихшыша білгенмен, суреткерше қолданады, тарихи фактілерді ғылыми жолмен қорытып жүйелегенмен, суреткерше жинақтап, типтендіреді, адам өмірімен байланысты нақты деталь, сурет, образдармен «тарихтың екінші жағын» көрсетеді». М. Әуезовтың ұлы шығармашылық жеңісі ретінде «Абай жолы – халық жолы, халық жолы – Абай жолы» деген концепцияны берік ұстап, ондағы тамаша бірлікті тарихи шындыққа сай, асқан көркемдік шешіммен көрсете алуы екенін М. Қаратаев ерекше атап көрсетеді. Бұл айтылған тұжырымды ой қазіргі таңда қазақ әдебиетіндегі басты қағидалардың біріне айналып, мектеп оқулықтарынан бастап, барлық кейінгі зерттеулердің басты идеясына айналғанын оқырман қауым жақсы білуге тиіс.

Әуезов шығармашылығын жоғары бағалаған сыншыға қарсы пікір айтушылар болмай қалмағаны да шындық. Әйткенмен, көркем шығарманың құндылығы мен Әуезовтің табиғи талантына сенген, білген, бағалаған ғалым сөзінен еш жаңылған емес, оның «Абайдың ақындық табиғатын жете түсініп, ақындық жанының диалектикасын ең нәзік құбылыстарына дейін дәл тауып» суреттей білгенін айтудан, дәлелдеуден жалықпады. М. Қаратаев сынының басты сипаты көркем шығармадан эстетикалық сипат іздейді, талғам мен талапты суреткерлік биіктіктен қойып, шындықтың көркем бейнесінің кестеленуінде эстетикалық талғам болуын қадағалайды, жіті көреді, табады, тапқанын қуана бағалайды, бағалатады. Шығармашылық мәдениет пен тәжірибелік, шеберлік, көркем дүниені талдауды көркем тілмен жеткізе білу – М. Қаратаев шығармашылығына тән дер едік. Тегінде қазақ сыны М. Қаратаевты мақтамай, М. Қаратаевтың атымен мақтана алады. Қазақ сынының сардары атанған М. Қаратаев иісі қазақ баласының мақтаны. Балам деп бауырына тартқан киелі атамекені оның атын мадақтайды, ұрпағына атын жаңғырта жеткізеді. Бағалайды. Нағыз көркем шығарма уақыт талғамайды. Уақыт оны таңдап, замана елегінен бір өткізіп алған соң, көркем дүние адамзат баласына қызмет ете береді. Уақыт елегінен өткен кез келген көркем дүние әр кезеңде жаңа қырынан танылып,

қоғам мүшелері қажетсінген мәнде танылады. Автордың әуелгі ойынан алыстап, жалпылық мәнге ұласа дамып, кез келген уақытта оқыған адам сол замана лебіне сай жауап ала алатын деңгейде жетіледі. Оқырман шығармадан нәр алып, ондағы сәулелі нұрды сезінсе, оның бағасы да сол. Бүгінде халық қазынасына айналған М. Қаратаев шығармашылығының да өз іздеушісі, өз оқырманы, тілекшісі бар. Іздеушісі – елі, оқырманы – халқы. Ия, нағыз көркем шығарма да, сол көркем шығарманың тамыршысы болған көркем сын да уақыт талғамайды екен. Бұған бүгінгі қалың оқырман куә.

Базарға, қарап тұрсам, әркім барар,
Іздегені не болса, сол табылар.
Біреу астық алады, біреу – маржан,
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.

Бұл Абай заманының ғана базары емес екені, өз заманының ғана адамына түсінікті болмайтыны айтпаса да белгілі. Мағына мен мәннің арасындағы бинарлы оппозиция авторға осындай мүмкіндік береді. Сол заманның адамы мен қазіргінің арасында айырма аз, базарының да, адамының да, таңдауының да арасында айырма аз. Айырма тек сыртқы формасында ғана. Қазақ баласының сыртқы формасы өзгерді, рас білімі артық, рас, киім үлгісі бөлекше, тамағында да айырма бар... Ал адамның ішкі мәні де, «мені» де өзгерді ме?

Базар-қарапайымда ұлылық та, ізгілік те, жақсылық та, жамандық та, кісілік те, кішілік те, ерлік те, ездік те бар. Өмір – базар. Ғұмырың базарда өтіп жатыр. Әркім өз керегін іздейді, табады, мүмкін таппайды, бірақ іздейді, біреу астық алады, біреу жастық алады, біреу бастық болады, біреу қастық етеді, біреу жастық етеді, біреу білім іздейді, біреу тірек іздейді. Өмір-Базар бәріне бірдей нәрсе ұсынады, не іздесең соны табасың. ТАҢДАУ – сенде, өзіңде! Пенде өмірде өзінің не іздеп жүргенін біле ме, білмей ме? Бұл жұмбақ...

Телігөлден шығып, өз базарынан ұлылық іздеген, таңдаған, таңдағанын тапқан, Ерлікке барабар ғұмыр кешкен сыншы-ғалым Мұхаметжан Қаратаев есімімен мақтанамыз.

Әдебиеттер

- 1 Қаратаев М. Таңдамалы шығармалар. 2-том, 19-б.
- 2 Қаратаев М. Таңдамалы шығармалар. 2-том, 287-б.

References

- 1 Karataev M. Selected works. Volume 2, 19- p.
- 2 Karataev M. Selected works. Volume 2, 287-p.